



Ғылыми мақала  
FTMP: 21.21.25



<https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-149-4-369-386>

## Муташабиһ аяттарды интерпретациялау әдістері

Омаров Мұрат<sup>а</sup>✉, Аманбаев Айдар<sup>а</sup>

<sup>а</sup>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

✉ [murat93kz@mail.ru](mailto:murat93kz@mail.ru)

**Аңдатпа:** Қазіргі жағдайда діни бірегейлік пен қоғамның әлеуметтік-саяси тұрақтылығын сақтау мақсатында дәстүрлі дініміздің діңгегі болған Құран аяттарын дұрыс итерпретациялау әдістерін, сондай-ақ теориялық және практикалық міндеттерін зерделеу ерекше өзекті болып табылады. Сондықтан бүгінгі дін ғалымдары талабы бойынша діни тәжірбие, діни таным және діни сана арасындағы тұтастықты зерттеу әрі Құран аяттарының дұрыс түсіну меноның маңыздылығын негіздеу. Қоғам өкілдерін жат діни танымдардың жалған насихаттарынан арашалап қалу үшін діни нормалар мен сенім түсінігін дұрыс қоюда қасиетті аяттарды ғылыми тұрғыдан талдау, зерттеу міндет болып табылады. Авторлар бұл зерттеу жұмысында Әһли сүннет ғалымдарының антропоморфистік мәндегі мәтіндерге берген ұстанымдарын айқындау, Құран Кәрімдегі теологиялық аяттардың лингвистика, риторика және семантикағылымдармен өзара қарым-қатынастарын теориялық мән мазмұнын талдау жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, мухаммад және муташабиһ ұғымдарының концепциясы, муташабиһ мәтіндердің интерпретациялану бағыттарына қатысты түрлі тұжырымдар мен пікірлерге салыстырмалы талдау жүргізілді. Жаратушы сипаттарына қатысты аяттардың итерпретациялау әдістерінің ара-жігі ажыратылып, олардың әр-түрлі болуының себебі айқындалды. Кәләм ғалымдарының муташабиһ мәтіндерге қатысты теологиялық көз қарастары тұжырымдалды.

**Түйін сөз:** муташабиһ; антропоморфистік; итерпретациялау; лингвистика; риторика; семантика; мухаммад; діни нормалар.

**For citation:** Omarov, M., Amanbayev, A. The State and religious Organizations in Kazakhstan in the 1940S-1990s: Methodological Aspect of Studying the Problem and Systematization of Source. Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Series: Historical Sciences. Philosophy. Religious studies. 2024. №4(149). 369-386. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-149-4-369-386>

**Для цитирования:** Омаров М., Аманбаев А. Методы толкования муташабиһ аятов. Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Исторические науки Философия. Религиоведение. 2024. №4(149). 69-386. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-149-4-369-386>

## Кіріспе

Бүкіл адамзатқа және жындарға уақыт өткен сайын және ғасырлар бойы оқырмандардың ақыл-ойы мен қиялын оятатын қасиетті Құран Кәрім берілген. Құран Кәрім Алла Тағала тарапынан түскен заматта. Түп тамыры байырғы арабтар болғандықтан, алғашқы мұсылмандар ана тілінің ерекшеліктерін жақсы білді, тіпті Құран Кәрімді өздерінің немесе көрші тайпаның диалектісінде де оқи алатын. Сондай-ақ олар көптеген Құран әңгімелері мен бұйыру, тыйым салу сынды түзетулермен байланысты оқиғалардың куәгерлері болды. Сахабалар қандай да бір аят мағыналарын түсінуде қиындық туындаған уақытта, бір нәрсені дұрыс түсінбеген кезде адамзаттың Ұлы ұстазы – Алланың Елшісіне (ﷺ) сұрақ қоя алатын еді. Сондықтан Исламның алғашқы тынысында Құран аяттарын жаттап-түсінуде сол кездегі Алла Елшісінің (ﷺ) интерпретацияларды түсіндіруі мен нақтылауы жеткілікті еді. Бұған қарамастан Құран Кәрім аяттарының оқу принциптерін тұжырымдау қажеттілігі, жеткізу және түсіндіру сахабалардың дәуірінде-ақ пайда болды.

Пайғамбарымыздан (ﷺ) кейін ардақты сахабалар, Құран аяттары мен хадистерді өздерінен кейінгі ұрпаққа жеткізу жолында ерең еңбек етті. Абу Бакір мен Осман халифаттылығы кезеңінде Құран мусхафтары жинақталып таратылды. Олардан кейінгі кезеңдерде хадистер жинақталып және тәпсір еңбектері жарық көріп, Құран Кәрімнің тәпсір саласы жүйеленді. Дей тұрғанмен ислам дінінің қайнар көзі Құран мәтіндерін қате интерпретация жасалуы, мұсылман қоғамының идеологиялық тұрғыда, діни-саяси бөлінушілікке алып келді. Құран мәтінін сондай-ақ сүннет мәтіндерін де дұрыс ғылыми бағытта талқылау – шындыққа жеткізіп, дұрыс бағытқа бағыттап, тыныштық пен тұрақтылыққа қол жеткізудің алғы шарты болып табылады.

Құран мәтіндерін түсіндіруге кіріскен тәпсіршілерге, ғалымдар хадис, фикһ, ақида ілімдеріне қоса, араб лингвистикасына қатысты бір қатар ғылымды білуін шарт етеді. Яғни діни мәтіндердің асылындағы мағынасын түсіну үшін лингвистикалық, риторикалық және семантикалық ғылымдардың әдіс-тәсілдеріне жүгіну қажет.

## Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Егемендікке қол жеткізгелі бері демократиялық, құқықтық, зайырлы ұстанымдар аясында қоғамда дін құбылысы өз құндылықтары мен белсенділігін сездіре бастады. Қазақ болмысының діни тәжірибесі мен діни танымында зерттелуі тиіс мәселелер жеткілікті. Олардың бірі, қазіргі таңда елімізде дін феномені – өзекті мәселелердің бірі. Діни бірлігімізге сызат түсіп, отау ішінен отау тігіп діни алауыздық орын алып отыр. Оның басты себебі елімізге сырттан діни секталармен қатар, түрлі саяси, діни бағыттағы ағымдардың енуі. Ол аздай бірқатар шет елдерде діни білім алып, елге оралған азаматтар мен азаматшалар, атадан балаға мирас болған халық арасында рухани мұра, дәстүрлі бағытымыз Ханафи мазһабы мен Матуриди мектебіне кереғар пікірлерді жайып, ел тыныштығы мен діни тұтастығына зиян тигізуде. Соның бірі – фундаменталистік сипаттағы псевдосәләфиттік ілім. Көбіне-көп сырттан келген түрлі ағымдардың

өкілдері Құран Кәрімнің әрі хадис мәтіндерін толыққанды мағынасына үңілмей тек бірбеткей буквалистік, литералистік сана негізінде пайымдап, насихатталуда. Бүгінгі таңда елімізде псевдосәләфилік идеологияның белең алуының басты себебі, көпшілік қауымның муташабиһ аяттар мен хадистердегі Алла Тағаланың сипатына байланысты астарлы мағыналардың бар екендігін білмеуі. Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының тапсырысы бойынша Т.Н. Нүсіпханов, Н. Стамбакиев, С. Шакизада, Б. Илесбеков, А.С. Темурбаев және Н.А. Смагулов тарапынан әзірленген «Деструктивті діни ағымның ұстанушыларын дәстүрлі құндылықтарға бейімдеуге және оңалтуға қатысты» әдістемелік құралында муташабиһ аят пен хадистерді дұрыс түсіну әдіснамасын қысқаша тоқталған. А.К. Сабдин «Современный салафизм в контексте религиозно мотивированного экстремизма» атты магистрлік диссертациясында муташабиһ аяттарды түсінудегі буквалистік себептерді атап, олардың бастау тарихына тоқталған. Файма Исрафилова «Kur'an-ı Kerim'i Tercüme Problemleri» (Құран Кәрімді аудару проблемалары) атты мақаласы Құран аяттарын араб тілінен өзге тілге аударудағы маңызды шарттарға тоқталып, Құран аятын аудару кезінде белгілі ғылымдарға мән беру керектігін жалпылама атап өтті.

Т.К. Магомедовтің «К проблеме интерпретации хадисов Пророка (ﷺ), связанных с атрибутами Всевышнего» атты мақаласы бар, бұл мақалада муташабиһ аяттарға тоқталмай тек Алла Тағаланың атрибуттарына қатысты келеген хадистерді қысқаша зерттеген. Аталмыш зерттеулерде муташабиһ аяттарды теологиялық ұстанымдарды лингвистикалық ғылымдармен толық ашылмаған. Біз бұл мақаламызда діни таным мен діни сана арасындағы тұтастықты зерделеп, жас ұрпақты дінімізге жат діни танымдардың жалған пайымдауларынан арашалап қалу үшін діни муташабиһ мәтіндерді лингвистикалық және теологиялық тұрғыда талдап, зерттеу жұмыстарын жүргіземіз.

Себебі Құран Кәрім мен хадис мәтіндерінің мағынасын айқындап, көздеген мақсат міндетін, ашып түсіндіретін еңбектер жоқтың қасы. Бұл тығырықтан шығар жол, муташабиһ мәтіндерге лингвистикалық риторикалық тұрғыдан зерделеп, әһлу сүннет ғалымдардың ғылыми еңбектерін зерттеуіміз керек.

Ұсынылып отырған мақаланың мақсаты – Құран Кәрімдегі муташабиһ мәтіндердің семантикалық сөз-образдардың жасалу механизмдерін зерделей отырып, тілдік образдар жүйесінде орын алатын риторикалық әдіс-тәсілдердің негізгі себептерін ашу, соның негізінде Әһлу сүннет ғалымдарының тұжырымдарының ортақ тұстары мен өзіндік ерекшеліктерін таныту.

Ғылыми мақаланың мақсатына сәйкес келесідей міндеттер алға қойылды:

– діни мәтіндердегі муташабиһ және мухаммад терминдерінің концепцияларын талдау. Құран Кәрімдегі муташабиһ мәтіндерді интерпретациялау әһлу сүннет ғалымдарының пікірлері арқылы түсіндіру;

– діни муташабиһ мәтіндер контекстін қарастырып әһлу сүннет ғалымдарының семантикалық және теологиялық тұжырымдарын беру, сол арқылы қазіргі қоғам жастарына, олардың танымдық, рухани ұлттық-мәдени құндылықтарының негізін айқындау;

## Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Құран Кәрімдегі муташабиһ мәтіндер негізге алынып, оларды лингвистикалық және риторикалық ғылыми әдістері арқылы зерттеледі. Әһлу сүннет ғалымдары мен псевдосәләфилік бағыттағы тұлғалардың муташабиһ аяттарға байланысты ұстанымдары салыстырмалы әдістері арқылы жұмыстар жасалады.

## Негізгі бөлім

Бүкіл адамзатқа және жындарға уақыт өткен сайын және ғасырлар бойы оқырмандардың ақыл-ойы мен қиялын оятатын қасиетті Құран Кәрім берілген. Алла Кәләмінің керемет күшін сезіне отырып, Мұхаммед (ﷺ) өзінің ізбасарларын Құранды жаттап алуға, оның мағыналары туралы ойлауға және де ішкі әлем мұраттарына сәйкес өзгертуге шақырады. Ал бұл қасиетті Кітап – пайғамбарлық миссиясының кәміл болуын қамтамасыз еткен және жүздеген халықтарды бір діннің астына біріктіріп, бірнеше ғасырлар бойы өркениеттік көшбасшылықты сақтап келген ұлы үмбетке айналуға себепші болған.

Исламның алғашқы кезеңіндегі ғалымдар аяттардың мағынасы туралы өз пікірлерін өте сақтықпен айтатын. Мәтіндерді терең түсіну үшін қажетті білімге ие болғандарына қарамастан, олар алдыңғы ғалымдардың түсіндірулерімен шектелді. Эт-Табаридің тәпсірінде Халифа Әбу Бакірден Құраннан ол білмейтін сөздің мағынасы туралы сұралған кезде «Егер мен Алланың кітабы туралы айтар болсам, қандай аспан мені қоршайды, қандай жер мені көтереді» -деп жауап берген. Убайдаллах ибн Омардың былай дегенін Ат-Табари жеткізеді, «Мен Мадина фақиһтарының Құранға түсініктеме беруден қорыққанын көрдім». Әйгілі табиғин Саад ибн әл-Мусайабтан Құранның аятына түсініктеме беруді сұрағанда, ол: «Мен Құран туралы ештеңе айтпаймын» деген. Көптеген сахабалар мен табиғиндер қателік жасаудан қорқып, өз пікірлерін айтудан бас тартқан. Себебі алдыңғы буын өкілдері Алланың затына не нәрсенің лайық екенін нақты білді.

Уақыт өте келе ислам мәдениеті өз өрісін кең жайып, қоғамның сұранысына орай теологиялық, құқықтық пәндер дамыды. Философиялық еңбектер араб тіліне аударылып, исламның теологиялық негіздерін философиялық бағыттағы түсініктермен түсіндіре бастады. Осының нәтижесінде Алла Тағалаға антропоморфизмдік сипаттар теңеліп теологиялық күрделі мәселелер қалыптаса бастады. Муташабиһ аяттарды интерпретациялауда қателікке ұшырауыәлеуметтік-мәдени ортаның өзгеріп, сахабалар салған сара жолдан алыстаулары себепті.

Көптеген Меккелік аяттар ашық араб тілінде жіберілген, сол себепті Меккелік бұйрықтар мен тыйымдарды түсініп қорыту сол замандағы саңлақ сахабаларға қиындық тудырмады. «Білетін қауым үшін арабша Құран аяттары ашық айқын баяндалған Кітап» (1, 41:3) Бұған қарамастан сахабалар кей жағдайларда Құран сөздерін түсіну үшін Алла Елшісінен (ﷺ) сұрап біліп отырды. Себебі сахабалар үшін Құран аяттары қаншалықты мәлім болса да, кейбір аяттағы сөздердің мән-мағынасын жетік түсінбеген. Оған дәлел

ретінде «Онда ашық айтылған (мухкам) аяттар бар, бұлар – кітаптың негізі (умм), сондай-ақ, меңзеп айтылған (муташабиһ) аяттар да бар» (1, 3:7) осы аятқа сүйене отырып Құран аяттарының «мухкам» және «муташабиһ» деп терминологиялық категорияларын анықтады. Бұл терминдер бір-біріне қарама-қайшы қолданыста келеді. Мухкам мағынасы түсінікті және күмән тудырмайтын аяттар. Ал муташабиһ мағынасы айқын емес және қосымша түсіндіруді қажет етеді. «Бірақ та жүректерінде ауытқуы барлар фитна іздеп ондағы аяттардың мағынасы ұқсас ұғымдарына ілеседі. Ал оның түсінігін Алла ғана және һәм білімде берік болғандар біледі» (1, 3:7). Имам әш-Шатиби Құранның көп бөлігін ашық аяттар – мухкам деп айтады, өйткені умм әл-Китаб деп айтады. Ибн әл-Хассар умм әл-Китаб деп келгендегі мақсат басқа муташабиһ аяттарды сол арқылы түсіну үшін (әс-Суюти, 2019: 429). Ал умм сөзі араб тілінде көптеген мағынаға ие, атап айтқанда «басты бөлік», «негіз», «ең маңызды» деп аударылады. Құран аяттар мағынасының көпшілігі айқын және ешқандай күмән тудырмайтындығын көрсетеді.

Мухкам (المحكم) және муташаби (المتشابه) сөздерінің лексикалық-семантикалық талдауы араб сөздігінде бұлардың түрлі мазмұнда пайдаланылатынын білдіреді. Мухкам сөзі «ихкам» (إحكام) «күшейту», «жақсы жасау», «қателіктерден аулақ болу» етістігінен шыққан. Атап айтқанда, араб тілінде жылқының ауыздығы хакама (الحكمة) тіркесімен қолданылады, себебі ауыздық жылқыны қажетсіз бос қимылдардан тосады. Судья (الحاكم) деп аталады, өйткені ол залымдардың зұлымдығынан сақтайды (әз-Заркаши 2018: 293). Даналық сөзінің синонимі «хикмет» сөзі де осы түбірден туындаған.

Муташабиһ сөзі «ташаабәһә» (تشابه) «бір-біріне ұқсату», «ашық емес», «анық емес», «күмәнді болу» етістігінен алынған. Аталмыш сөз туынды етістік болып табылады, бұл туынды етістікті бір-бірінен ажыратуы қиын болған затқа қолданылады.

Тәпсірші Фахру әд-Дин әр-Рази мағынасы ашық емес аяттардың болу қажеттілігі туралы бірнеше болжам жасады. Біріншіден, айқын емес аятты түсіну Құран зерттеушілері ыждахаттылық пен күш талап етеді, ал неғұрлым көп күш жұмсалса, Алланың сыйы соғұрлым көп болады.

Екіншіден, егер Құран толығымен айқын аяттардан тұрса, бұл оның ізбасарларының басқа діни ілімдерді зерттеуіне кедергі болар еді. Дегенмен Құдайдың жоспары діни және идеологиялық әр түрлілікті, көбінесе бір-біріне қарама-қайшы дүниетанымдардың ізбасарларының болуын білдіреді. Құран Кәрім барлық адамдарға қалай және қайда тұратынына қарамастан жіберілді. Муташабиһ аяттардың болуы әр-түрлі көзқарастарды ұстанушылар мен ілім иелерінің оған жүгінуіне себеп болды, себебі қасиетті аяттар арқылы Алла Тағала шындықты түсінуге, құтқарылуға үміт табуға, жалған нанымдардан арылуға және де күрделі мәселелердің шешімін табуға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, лексикология, риторика, грамматика, құқықтық және т.б. сияқты ғылымдарды игермейінше түсініксіз мағыналы аяттарды түсіндіру мүмкін емес, сондықтан да Құран Кәрімдегі муташабиһ аяттарды терең зерттеу және түсіндіру мұсылмандарды әр түрлі діни және зайырлы ғылымдарды зерттеуге және дамытуға ынталандырады.

Төртіншіден, Құран аяттары қоғамның саналы бөлігіне де, қарапайым адамдарға да қатысты. Қарапайым адамдар әдетте аяттардың мәнін түсінбейді. Егер исламмен

танысқан қарапайым адамдар Алла есімдері мен атрибуттары туралы ғана аяттарды естіген кезде ақиқатқа жету жолындағы кедергі болар еді.

Өсиеттер мен ескертулерді адамдар арасында тыңдамайтындар көп. Қаншама аяттар жанға терең еніп, бір уақытта сезім мен ақылға шақырады. Дәл осындай сөздер сана-сезімді оятады, өмірдің мәні, жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен ар-намыс туралы ойлауға мәжбүр етеді.

Бесіншіден, муташабиһ аяттардың болуына байланысты мұсылмандар барлық уақытта интеллектуалды даму қажеттілігін сезінеді. Түсініксіз аяттар бізге танымның жаңа шегін көрсетеді, аяттарды түсіндірудің жаңа тәсілдерін іздеуге итермелейді (әр-Рази, 2000: 3-т. 96).

Құрандағы муташабиһ аяттарды түсінуде ғалымдар арасында екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Кейбір ғалымдар бүкіл мәтінді түсіну мүмкін емес, муташабиһ аяттардың мағынасы қол жетімді емес тек бір Аллаға ғана белгілі, десе. Екінші топтағы ғалымдар муташабиһ аяттардың мағынасын түсінуге болады дейді. Бұл санатқа гипотетикалық түсіндіруді қажет ететін аяттар жатады, деген. Пікірталастың себебі Құрандағы әл-Имран сүресінің жетінші аяты «هُوَ الَّذِي أَنْزَلَ عَلَيْكَ الْكِتَابَ مِنْهُ آيَاتٌ مُحْكَمَاتٌ هُنَّ أُمُّ الْكِتَابِ وَأُخْرُ مُتَشَابِهَاتٌ فَأَمَّا الَّذِينَ فِي قُلُوبِهِمْ

رِيعٌ فَيَتَّبِعُونَ مَا تَشَابَهَ مِنْهُ ابْتِغَاءَ الْفِتْنَةِ وَابْتِغَاءَ تَأْوِيلِهِ وَمَا يَعْلَمُ تَأْوِيلَهُ إِلَّا اللَّهُ وَالرَّاسِخُونَ فِي الْعِلْمِ يَقُولُونَ آمَنَّا بِهِ كُلٌّ مِنْ عِنْدِ رَبِّنَا وَمَا يَذَّكَّرُ إِلَّا أُولُو الْأَلْبَابِ

«Саған Құран Кітабын түсірген Алла. Кітапта мухаммад (кесімді) аяттар бар, олар Құранның анасы, ал енді басқалары муташабиһ (ұқсас) аяттар. Жүректерінде қыңырлықтары бар базбіреулер болса, бүлікті көздеп, өздерінше түсіндіруге кірісіп, мағынасы ұқсас аяттарды қазбалайды. Ал, оның түсінігін Алладан басқа ешкімде білмейді, әрі білімде терең болғандар біледі. Біз оған иландық, барлығы да Раббымыздан – дейді»

Егер сіз «وَمَا يَعْلَمُ تَأْوِيلَهُ إِلَّا اللَّهُ» «Алладан басқа» сөздерден кейін кідіріп, аяттың жалғасы «وَالرَّاسِخُونَ فِي الْعِلْمِ» «білімде терең болғандар» сөзін жаңа синтагма мен оқуды бастасаңыз, онда аяттың мағынасы мынадай болады: бұл аяттарды тек Алла ғана біледі, ал қалған адамдар білімді ғалымдардың Құран Алланың жіберген сөзі оны тек Алла білуші деген сөзіне сүйене отырып иман етеді. Бұл жағдайды синтаксистік тұрғыдан алғанда «فِي الْعِلْمِ وَالرَّاسِخُونَ» «білімде терең болғандар» сөзі жаңа сөйлемдегі тақырып болып табылады. Бұл сөздегі «و» «және» сөзі араб грамматикасында «истинаф» деп аталады (әз-Заркаши, 2018: 295).

Көптеген ғалымдар «وَالرَّاسِخُونَ فِي الْعِلْمِ» – бұл жаңа сөйлемдегі тақырып тобы, ал олардың алдындағы бөлшек «و» «және» жаңа сөйлем басталатын біріктіру рөлін атқарады (әз-Заркаши, 2018:295). Осы көзқарасты Абдулла ибн Омар, Ибн Аббас, Ибн Масғуд, Убай ибн Кағб, Айша, Уруа ибн аз-Зубайр және т.б. ғалымдар ұстанды. Адамзаттың еш бірі муташабиһ аяттардың түсіндірмесін бере алмайды, оның мағынасы тек Алла Тағалаға ғана белгілі.

Алла Тағала білмейтін нәрсені жаратылысқа жүктемейді, себебі Алла Тағала Құрандағы әрбір нәрседен құлдары пайда алу үшін ғана түсірді. Алла Елшісі (ﷺ) муташабиһ

аяттардың мағынасын білмеді деп айту қисынға келмейді. Және де Раббани сахабалар мен тәпсіршілер де білуі мүмкін. Ибн Аббас «мен білімде терең болғандарданмын» – деп айтатын, және Каһф сүресіндегі «*مَا يَعْلَمُهُمْ إِلَّا قَلِيلٌ*» «Олардың санын адамдардан білетіні өте аз» – деген аятты оқығанда «мен осы өте аздардың қатарынанмын» – деп айтатын. Бұл аятта үзілісті «*وَالرَّاسِخُونَ فِي الْعِلْمِ*» «білімде терең болғандар» – деген сөзінен кейін де жасауға болады. Осылай жасағаннан кейін бұл сөз бірінші сөйлемге қосылып, тақырып тобының біртекті мүшесі болады [17, 295б.]. Араб грамматикасында мұндай байланыс түрін «*عطف*» «атф» деп атайды. Мұндай жағдайда біз бұл аятты: «Мұндай аяттардың ұғымын Алла ғана біледі және білімде терең болғандар біледі. Олар (ғылым иелері) былай дейді «Біз оған сенеміз, мұның барлығы – біздің Раббымыздан» (1, 3:7).

Әл-Хаттаби екі жақты дәлелдерді салыстыра отырып былай деп жазады: «Муташабиһ екі түрден тұрады: бірінші түрі – бұл мухкаммен салыстыру арқылы білуге болатын және ол арқылы мағынасын түсінуге болады. Екінші түрі – шектен шығушылар бұл аятты өкшелеп тәуилін талап етіп оның мәніне жете алмай күмәнге түсіп жолдан таяды (әс-Суюти 2019: 429).

Осы себепті, түсіндірудің анықтығы мен қол жетімділігіне байланысты Құранның барлық аяттарын төрт санатқа бөлуге болады.

1. Әрбір адамға түсінікті және қосымша түсіндіруді қажет етпейтін айқын мағынасы бар аяттар. «Аладан басқаға табынбау, ата-ананы құрметтеу, туыстарға, жетімдерге және кедейлерге жақсылық жасау» (1, 2:83).

2. Араб грамматикасы мен семантикасын жетік білетіндер үшін түсінікті, айқын мағынасы бар аяттар. Әділетсіз күнәхарлар өз түрлерімен бірге жиналады деген Құран фрагментіне мысалы; «Зұлымдық істегендерді сыбайластарымен бірге махшарға жинаңдар» (1, 41:22)

3. Түсініксіз мағынасы бар аяттардың түсіндірмесін білімі терең болғандар ашады. Мысалы: «Бір қаланы жоюды қалаған кезде, олардың дәулеттеріне итағат етуді бұйырамыз» (1, 17:16). Бұл аятта Алланың жазасына лайық ауылдың бай тұрғындарына нені бұйыратыны турасындағы аят.

4. Түсініксіз мағынасы бар аяттар. Олардың этимологиясын Алладан басқа ешкімге белгісіз. Ақіреттік әлемге байланысты және әріптік бастаулар мен ұғымдар «*حروف المقطعة*». Мысалы «*الم*» «әлиф ләм мим» (1, 2:1) сынды аяттар кіреді.

Салиқалы сәләф өкілдері муташабиһ мәтіндерге қатысты ұстанған бағыты Алла Тағаланы нұқсаннан, кемшіліктен пәктеу. Бұл арқылы тек қана Аллаға лайықты кәміл сипаттарын баяндау. Құранда «*وَلَمْ يَكُنْ لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ*» «Оның (Алла Тағаланың) еш теңдесі жоқ» (1, 112:4), «*أَلَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ*» «Оған еш нәрсе ұқсамайды» (1, 42:11) күллі жаратылыста оның теңдесі әрі ұқсасы жоқ. Аса Ұлы Алла өзі жаратқан жаратылыстардың ешбіріне ұқсамайды. Адам баласы шектеулі жаратылыс, ал осындай шектеулі адам, шексіздікті мүлде түсіне алмайды. Алланың кәміл сипаттарын қабылдағысы келмеген бидғатшылар сол сипатын антропоморфистік түсінікке телімек болады. Алайда, кәміл сипатын пәктеп Аллаға қалдыру бір басқа да, оны қателесіп күнде өзгеріске ұшырату бір басқа. Имам ән-Насафи өзінің тәпсірінде, «Алла Тағаланы дене, жауһар, ақыл және себеп (العلة) деп атау – дінді бұрмалаушылық әрі дін бұзарлық, деген (ән-Насафи, 1998:325).

Тарих беттерінен бізге белгілі, Аллаға мекен телу мәселесінде саяси топтармен ағымдар әртүрлі көзқарастар ұстанған. Олар Алланың аршының үстіне орнығуын алға тартты. Аталмыш топтар Алла Тағаланың «*الْعَرْشِ اسْتَوَى الرَّحْمَنُ عَلَى*» «Рахман аршыға истауа етті» деген Та-һа сүресінің 5 аятын аршының үстіне орналасуына дәлел ретінде ұстанады. Ибн Таймияның «*әл-Ақидату әл-Уасатия*» кітабына шарх жазған Усаймин, Бұл аятта Алла Тағаланың бірнеше сипаты баян етілген, бірақ біз Алла Аршыға орнықты деген бір сипатын ғана аламыз», деп түсіндірген. Сендерде аяттағы истауа сөзінің мағынасы не?, – деп сұраса, біз «көтерілу, орнығу», ұғымында деп жауап береміз, деген (әл-Усаймин 2013: 242).

Салиқалы сәләф өкілдері муташабиһ мәтіндерге қатысты ұстанған бағыты Алла Тағаланы нұқсаннан, кемшіліктен пәктеу. Бұл арқылы тек қана Аллаға лайықты кәміл сипаттарын баяндау. Құранда «*ولم يكن له كفوا أحد*» «Оның (Алла Тағаланың) еш теңдесі жоқ» (1, 112:4), «*أليس كمثلِه شيء*» «Оған еш нәрсе ұқсамайды» (1, 42:11) күллі жаратылыста оның теңдесі әрі ұқсасы жоқ. Имам ән-Насафи өзінің тәпсірінде, «Алла Тағаланы дене, жауһар, ақыл және себеп (*العلة*) – деп атау – дінді бұрмалаушылық әрі дін бұзарлық, деген (ән-Насафи, 1998:325).

Жаратушы Хаққа мекен беру Оны ұлықтап, дәріптеуге жатпайды. Мекеннен ада, пәк екенін ардақты сахаба Али былай дейді, «уақыт пен мекен жаратылмай тұрып, Алла бар еді. Алла қадимнан (ешнәрсе жаратылмастан бұрын) қандай болса, қазірде сондай. Және Абу Ханифа өзінің «*әл-Уасия*» еңбегінде былай дейді, «Егер, Алла аршыға отыруға және бекіп орнығуға мұқтаж болса?! Аршы жаратылмастан бұрын Алла қайда болды? Алла мұндай нұқсандық атаулыдан ұлы хәм аса пәк» (Батталұлы 2011: 173). Бұл аят араб лексикасының риторика ғылымында киная (метонимия) әдісі арқылы меңзелген мағынасы Алланың құдіреті деген (әл-Һашими, 1998:2886).

Содан соң аталмыш ағымдар былай дейді, «Алла әуелде Аршы жаратылмастан бұрын онда емес еді, оған жаратқаннан кейін ғана орналасқан. Себебі Алла Тағала Құранда «*ثُمَّ اسْتَوَى عَلَى الْعَرْشِ*» «Содан кейін Аршыға истауа етті» – деп баяндайды. Алла Тағалаға затымен әр тарапта болуы, бейне бір бар болуы мекендерге тәуелді қылып. Бір күйде екіншісіне ауысатын, барлық денелер секілді Алла Тағаланы орнығатын бір мекенге мұқтаж етіп көрсету пайымы пайда болады. Яғни денелер мен акциденциялардың (ғарад) статусында болады. Бұларды әуел баста жаратылған пәнилік нышандар, бастауы мен түгелсуі бар жаратылыс. Алла өзгеріске ұшырап, басқа күйге ауысудан және жоқ болып кетуден пәк.

Имам Матуриди былай дейді, «Жаратылыста мекен жоқ кезде Ұлық Жаббар болғанды. Жаратылыстағы орындар жойылған кезде, Хақ Тағала эзәлдағыдай бар болып қала береді. «*ثُمَّ اسْتَوَى عَلَى الْعَرْشِ*». Ол ежелден қандай болса, қазір де сондай, қазір қандай болса, ежелде де сондай (Матуриди, 2020:118). Алла Тағала әуелде өзінде жоқ акциденциялық сипаттарды қабылдауға, бір күйден екінші бір күйге өзгеруді елестету мүмкін емес. Акциденциялық сипаттар өздігінен тұра алмайды, олар денеге, мекенге немесе кеңістікке мұқтаж. Ал дене, мекен және кеңістіктер жаратылған. Жаратылған нәрсе Құдай бола алмасы анық.



Физикалық әлемдегі мәнге қатысты дене, ағза ұғымын Жаратушы Хақ Тағалаға телу мүмкін емес. Себебі бұл нәрселер кейіннен жаратылған, бөлшектерге, шектеулі болу сипаттағы физикалық мәндер. Бір нәрсе бөлшектерден құралу, бөліну кемшіліктің белгісі. Ал мұндай нұқсандықтар Аллаға тән сипат емес. Антропомерфистік ұғымдар Алланың есім сипаттарының бірі екендігіне дәлел болатын ешбір нас жоқ. Яғни Алла Тағаладан да, Пайғамбардан да (ﷺ) бұл хақында нас келмеген. Аллаға антропомерфистикалық ұғымдарды телуге әсте болмайды. Ал нас болмаған күнде де ақыл, сезім мүшелері арқылы Аллаға дене, ағза сөздерін телу мүмкін деп кейбір адасушы айтса. Біз айтамыз бұлардың барлығы нас арқылы жоққа шығарылған. «Оның бірде-бір ұқсасы жоқ» (1, 42:11) Осы сөз арқылы физикалық сипаттардан тұратын түрлі бөліктер, денелер Алланың затынан алыстатылады.

Алла Тағала Рахман сүресінде «وَيَبْقَى وَجْهُ رَبِّكَ ذُو الْجَلَالِ وَالْإِكْرَامِ» «Ұлы дәрежелі әрі жомарт Раббыңның Өзі ғана қалады» (1, 55:27) иләһи сөздегі «وَجْهُ» сөзін казіргі псевдосалафизм былай баяндайды, «Біздің ақидамыздың аясында Алла Тағаланың хақиқи жүзі бар деп бекітеміз, бірақ та Алланың жүзі жаратылыстың жүзіне ұқсамайды». Егерде Алланың жүзінің кайфиясын тілдерімен бейнелейтін болса, онда, ол бидғатшы, – деп түсіндіреді (әл-Усаймин 2013: 184).

Ибн Аббас былай дейді: «аяттағы (وجه) уажһ сөзі мәңгі әрі соңсыз болған Алланың затына айтылып отыр». Абу Баракат ән-Насафи де «уажһ» сөзін «Алланың заты (өзі)» деп интерпретациялаған (әл-Байдауи, 2012:172) Құртуби болса: «Пәни жаратылыстың жоқ болуында нығмет бар, ол нығмет – өліммен барлық жаратылыс теңеседі. Осы өліммен аяқтар теңеседі. Өлім – пәни болған жер мекенінен, сауабы мен жазасын беретін мәңгілік мекенге қоныс аудартушы делдал міндетін атқарушы».

Имам Матуриди өзінің «Тәуилат әһли суннә» еңбегінде уажһ сөзінің терминдік мағынасын келесідей баяндайды.

Әр-Рахман сүресі 26-27 аяттар «Бүкіл жер жүзіндегінің бәрі құриды. Дәріпі зор, һәм қасиет иесі Раббыңның жүзі ғана бақиға қалады» бұл аят екі түрді қамтиды.

– Жер жүзіндегілердің барлық мүлкі құрып, Раббыңның мүлкі ғана мәңгі қалады.

– Жер шарындағы күш-қуат пен құдіретті патшалықтың құрып кетуін қамтиды. Және Раббыңның патшалығы, құдіреті әрі құдайлығы қалады. Оның патшалығы мен мүлкі затында жаратылыстарға ұқсамайтындығын үйрету үшін. Олардың жоқ болып құрып кетуі Алланың мүлкінде кемшілік пен нұқсандыққа кіреді (Смагулов, 2013: 56).

Фахруддин әр-Рази өзінің тәпсірінде «Уажһ сөзі заты (өзі)», деген мағынада қолданылады. Ал мужассималар (антропомерфистік сипат берушілер) уажһ сөзін ағза мағынасында деп қабылдайды. Бұл ақылға да, нақылға да (Құран мен хадис) қайшы», – деп түсіндірме берген (Батталұлы, 304).

«قَالَ يَا إِبْلِيسُ مَا مَنَعَكَ أَنْ تَسْجُدَ لِمَا خَلَقْتُ بِإِيْدِي أَسْتَكْبَرْتَ أَمْ كُنْتَ مِنَ الْعَالِيْنَ» (Алла Тағала): «Әй, Ібіліс! іәдіммен жаратқанымға сәжде етуден саған не бөгет болды? Тәкаппарландың ба?» - деді» (1, 38:75). Кейбір тауил жасаушы халаф ғалымдарында «بِيْدِي» сөзі Адам алайһи әс-саламға ілтиспат білдіру тамсилі болмақ. Ал осы ілтиспат білдіруінің себебі Алла Тағала ортаға ешбір себепші қылмастан тікелей жаратқандығын мақсат етуде. Яғни, оған:

«Менің әкесіз және шешесіз тікелей жаратқан біреуге сәжде етпейтіндей саған не себеп болды?» – дейді (әл-Әлуси, 2015:344).

Псевдосалафизм өкілі Усаймин «Егер аяттағы «بَيِّنَاتٍ» «иәд» тіркесін күш, нығмет деп тәпсірлейтін болса. «иәд» сөзінің сыртқы мағынасына қайшы келеді. Сендердің «иәд» тіркесін сыртқы мағынасынан бөлек мағынада интерпритациялауларың, сәләф салихтардың, расында мұндағы мақсат «хақиқи қол», – деген тұжырымдарына қарама-қарсы болып табылады», деп айтқан (әл-Усаймин, 2013:198). Псевдосалафтардан, «Абу Бакр, Омар, Осман, Әли және т.б. салаф салихтардың «расында «بَيِّنَاتٍ» «биәди Алла» тіркесіндегі мағына, «Алланың қолы» деп айтқандары барма? – деп сұрасақ. Олар бізден «Онда бізге, Абу Бакр, Омар, Осман, Әли және т.б. салаф салихтардың иәд сөзі күш, нығмет мағынасында келген» деп айтқанын әкеліңдер, деп қарсы сұрақ қояды да. Егер сәләф салихтардың «иәд» сөзінің астарлы мағынасында келген деп айтпаса. «иәд» сөзінің сыртқы мағынасын алғандығы белгілі болмай ма?!

Ибн әл-Жаузи «لَمَّا خَلَقْتُ بَيِّنَاتٍ» осы аяттың түсіндірмесінде былай айтады. «Бағзы топтар ойлайды, Алла тағала топырақты балшық қылып, иәдымен оны адам бейнеде келтірді деп, Аллаға мақұлыққа тән сипаттармен сипаттап Оған жисмді телиді. Онымен шектелмей Ол дененің, тұлғаның амалдарын жасайды әрі, түрлі дене бөліктерден тұрады деп ойлайды. Алла сақтасын. Олардың бұл сөздері үлкен қате тіпті күпірлік екенін «خَلَقَهُ مِنْ تُرَابٍ ثُمَّ قَالَ لَهُ كُنْ فَيَكُونُ إِنَّ مَثَلَ عِيسَى عِنْدَ اللَّهِ كَمَثَلِ آدَمَ» «Шынтуайтында, Алланың қасында Исаның мысалы Адамның мысалы секілді; Адамды топырақтан жаратты, содан соң оған «Бол!» деп еді, ол бола қалды» (1, 2:59), – деген аятты, жауап ретінде айтамыз. Бұл аят антропомерфистік сипаттың бұрыс екендігіне нас дәлел болады (Ибн Жамаға 157). Имам Матуриди Алла Тағаланың «لَمَّا خَلَقْتُ بَيِّنَاتٍ» деген илаһи сөзден түсінілетін астарлы мағына ол, егер Алла қашанда бір нәрсені өзіне идофа етсе, онда ол нәрсенің мәртебесін, дәрежесін көтереді. Мысалы, «مساجد الله» «بيت الله» деп Кағбаны, мешіттің, елшінің мәртебесін ұлықтағаны секілді (Матуриди, 2005:646). Имам Қуртуби да өзінің тәпсірінде осы пікірде болған (әл-Қуртуби, 2016:148).

Әл-Әлуси сахаба Абдулла Ибн Омар (Алла ол екеуінен разы болсын) былай дейді; Алла Тағала төрт нәрсені иәдымен жаратты: Аршыны, Ғадын жәннатын, Қалам, Адам алайһи әс-саламды. Содан кейін әр-біріне бол, -деп пәрмен еткен мезетте болды, деген хадисті жеткізеді (әл-Әлуси, 2015:345).

Ибн Хажар бұл хадистегі «иәд» сөзін әһлу назар өкілдері құдірет, деп шарыхтағанын айтып. Оған дәлел ретінде Алла Тағаланың «الْأَيُّدِ إِنَّهُ أَوَابٌ وَإِذْ كَرَّمْنَا دَاوُودَ ذَا» «Біздің зә иәд (мықты, құдіретті) пендеміз Дәуітті есіңе ал» Сад сүресінің он жетінші аятындағы илаһи сөзді келтіреді. Мұндағы «зә иәд» тіркесі «зә құдра» деген мағынада (Ибн Жамаға,156).

Иәд «يَدٍ» сөзінің тілдік хақиқи мағынасы бізге белгілі болғандай дене мүшенің атауы. Дегенмен жоғарыдағы аят, хадистегідей мәжаз (синекдоха) әдіс-тәсілі арқылы көптеген мағынада қолданылады.

Егер ақли дәлелмен Алла Тағаланы жаратылысқа тән антропомерфистикалық сипаттардан пәктеп, Аллаға лайық болған тіл ғалымдары қолданылатын мағыналарды аламыз. Жоғарыда келген түсіндірмелерде «иәд» сөзінің нығмет, құдірет, жақсылық

деген мағыналары да бар. Ал егер нығмет, құдірет мағынасын мақсат етті десек, онда риторика ғылымындағы истиара (метафора) тәсілі бойынша салдардың орнына себеп айтылып түр (Ибн Жамаға, 158). Ал, имам Матуриди және Мужаһид айтқан мағына, Алла қашан өзіне бір нәрсені тіркесті (идофа) қылып айтса ол нәрсенің дәрежесін көтереді. Бұл әдісті риторика ғылымындағы илму әл-мағани (мағыналар туралы ілімнің) тәсілдері арқылы біле аламыз.

Имам Қуртуби өзінің «әл-Жамиғу лиахкам әл-Құран» еңбегінде осы мәселеге қатысты Фатых сүресіндегі 10 аятты келтіреді «يَدُ اللَّهِ فَوْقَ أَيْدِيهِمْ» «Алланың иәды олардың иәдының үстінде» илаһи сөздің бөлігін, егер олар берген «байғтарында» (уәделерінде) тұрса, менің оларға саубым бар, деп тәпсірлеген. Имам Матуриди былай дейді: «Алланың қолынан Пайғамбардың (ﷺ) қолына берілген сертке берік тұрушыларға сауап күтіп тұр. Себебі олар серт берген сәтте Алла Елшісімен (ﷺ) қол алысқан, әрі серттерін орындағанларға берілетін Алланың сауабы Пайғамбарға (ﷺ) берген қолдарынан да жоғары екенін хабардар етеді. Яғни бұл жерде Алланың жомарттығы мен ұлылығы айтылады әрі Оның берер сауабы мен даярлаған сыйлығы серт берушілердің серті мен қолдарынан да жоғары деген мағынаны мақсат еткен. Және Алланың сендерге деген көмегін әрі пайғамбарына берген серттеріне одан да жақсы және жоғары көмегінде айтылған мағынаны қамтиды. Алла артық білуші (Смагулов, 2013:58). Имам Замахшари: «Сөз бергендердің қолдарының үстіндегі Пайғамбардың қолы, ол – Алланың (құдірет) қолы», – дейді. Яғни, кім Пайғамбарға сөз берсе, ол Аллаға сөз берген болады. Бұл Алланың: «Кім Пайғамбарға бойсұнса, ол Аллаға бойсұнған болады» (Ниса сүресі 80 аят) деген сөзіне ұқсайды. Ендеше, кімде-кім сертінен таятын болса, онда оның кесірі өзіне тиеді. (әс-Сабуни, 2019:191)

Араб риторикасында киная (метонимия) әдісі арқылы келесі аят келген «وَلَعِنُوا بِمَا قَالُوا بَلْ يَدَاهُ مَبْسُوطَتَانِ» (1, 5:64) бұл аяттардағы «يَدُ» «иәд» сөзінің сөздің тура мағынасын емес астарлы мағынасын мақсат ете отырып тыңдаушыға жеткізу әдісі. Әрдайым ауыспалы мағынада жұмсалады (Омаров, 2020:42). Икрима былай дейді «وَقَالَتِ الْيَهُودُ يَدُ اللَّهِ مَغْلُولَةٌ» (1, 5:64) деп яһудилік Наххас ибн Азураидің және оның серіктерінің малы көп болған, Мұхаммедтің (ﷺ) пайғамбарлығын жоққа шығарған кезде, олардың малы азаяды. Сонда олар «Расында Алла сараң, Оның иәді бізге беруден тосылған», – деп айтады (әл-Қуртуби, 2016:81). Әл-Әлуси өзінің «әр-Рухул мағани» еңбегінде мұндағы «иәд» сөзі нығмет мағынасында деп түсіндіруге тырысқан.

Хақ Тағала Құран Кәрімде «بَلْ يَدَاهُ مَبْسُوطَتَانِ» «Керсінше, Алланың иәді ашық» (1, 5:64) деп баяндайды. Фахруддин әр-Рази тәпсірінде, Иаһудилердің «Алланың қолы жабық» деп айтуларымен, сараңдықты киная тәсілі арқылы жеткізуде. Алла Тағала олардың сөздеріне сай «керсінше, Алланың иәді жайылған», – деп жауап берді. Яғни Алла Тағала сендер сипаттағандай сараңдардан емес. Керісінше Алла – кемел жомар» (әр-Рази, 2000:46) – деп тәпсірлейді.

Абу әл-Муғин ән-Насафи өзінің «Бахру әл-Кәләм» еңбегінде: Алла Тағалада «иәд» бар деп араб тілінде айтуға рұқсат, ал парсы тілінде айтуға тыйым салынған... «қол» дегенді нақтылаймыз дегенмен мұраты Алла мақсат еткендей болады», – деген. Қарапайым халық арасында бүлік шықпас үшін сақтық ретінде Алланың осы секілді сипаттарын

араб тілінде атаған абзал. Себебі арап тілінен басқа тілге аударған кезде бұрмалаушылық пен басқа мағыналар пайда болуы әбден мүмкін (Смагулов, 2013: 59).

Жоғарыдағы айтылған семантикалық және теологиялық түсіндірулерге үңілер болсақ «иәд» сөзі төмендегі мағыналарды қамтиды.

1. Иәд сөзі араб тіліндегі дене мүше атауы, яғни қол деген мағына. Мысалы «وخذ بيدك ضغثًا» «Қолыңа бір уыс шөп ал» (1, 38:44) аятындағы «иәд» сөзі қол мағынасында келген.

2. Ал келесі мағынасы нығмет, жақсылық ұғымында келеді. Мысалы араб тілінің сөз тіркесінде «عندي يد لا أطيع شكرها» «менде шүкіршілігін өтей алмайтын нығмет бар» деп, «иәд» сөзін нығмет мағынасында қолданылып отыр.

3. Кей жағдайда күш, қуат мағыналарында да келеді. Мысалы «عبدنا داوود ذا الأيد واذكر» «Біздің зә иәд (мықты, құдіретті) пендеміз Дәуітті есіңе ал» (1, 38:17) Алла Тағала илаһи сөзіндегі «иәд» сөзі қуаттылықты білдіреді.

4. Иәд сөзі мүлік, құдірет ұғымында келеді. Мысалы «يؤتيه من يشاء قل إن الفضل بيد الله» «Оларға айт: «мол пайда Алланың ғана иәдында (мүлкінде), Ол оны қалағанына береді» (1, 2:73) бұл аяттағы «иәд» сөзі «мүлкі» мағынасында келген.

5. Орындау, жәрдем мағынасында келеді. әл-Әлуси өзінің «Рухул мағани» еңбегінде (عليه السلام) мынадай хадис келтіреді. «القاسم حتى يقسم يد الله مع القاضي حتى يقضي، و» «Алланың жәрдемі қазы үкім шығарғанда және үлестіруші үлестіргенде бірге болады». Бұл хадистегі «иәд» сөзі жәрдем мағынасын береді.

6. Бір нәрсені Алла Тағала өзіне тіркестіру (идофа) арқылы сол нәрсенің дәрежесін көтеру мақсатында да қолданылады. Құрандағы «بِيَدِي لِمَا خَلَقْتُ» «иәдіммен жаратқаным» деген илаһи сөйлемдегі «иәд» сөзі тіркес (идофа) арқылы Адамның (Алланың оған сәлемі болсын) Ібілістен дәрежесі жоғарылығын білдіруде. Осы себепті аят бөлігіндегі «иәд» сөзін қуат, нығмет, дене мүше мағынасы түсінілмейді (әл-Қуртуби, 2016:82-83).

Антропомерфистік сипаттардың бірі Алла Тағалаға «айн» сипатын телу. Псевдосалафизм өкілдері «Алла өзін айнмен сипатын бекітті, біз сол бекіткен сипатты дәлел ретінде ұстанып, Алланың хақиқи көзі бар деп айтамыз», деп келтіреді (әл-Усаймен, 2013:208). Алла Тағала жаратылысқа тиесілі сипаттардан пәк. Пікір таластың негізі Құран Кәрімде Алла Тағала мына аятты «لَتُصْنَعَ عَلَيَّ عَيْنِي» «Менің айн алдымызда тәрбиелену үшін» [1, 20:39] аяттың бұл бөлігіндегі «айн» сөзін имам Қуртуби «әл-Жамиғу ли-ахкам әл-Құран» кітабында «Менің қорғауымда бағылып, тәрбиеленесің», деп тәпсірлейді (әл-Қуртуби, 2016:59). Ибн Касир «Алла Тағаланың бақылауында тәрбиелену», деп түсіндіреді. Қатада «Менің қалауыммен сүйіспеншілігімде азықтану үшін», – деп интерпретациялайды, бұл пікірді Абу Убайда, Ибн Анбари және әл-Уахиди дұрыс теп тапқан (әл-Әлуси, 2015:301). Имам Матуриди бұл аятқа қатысты тәпсірінде мынадай сөз қозғайды «аяттағы «санғу» сөзі хайырлы әрі жақсы әрекет. Саған жақсылық пен мейрімділік жасау үшін. «عَلَيَّ عَيْنِي» «көз алдымызда» деген иләһи сөзді; бағзы біреулер «қамқорлықта бағу үшін» деген. Арабта «عَيْنَ اللَّهِ عَلَيْكَ» «Алланың көз алдында бол», – деп айтылады. Яғни, оның мағынасы Алланың қамқорлығында, мейрімінде бол. Бұл пікірді Хасан мен Қатаданың ұстанады (Матуриди, 2005:280).

Һүд сүресінің «وَاصْنَعِ الْفُلْكَ بِأَعْيُنِنَا» «Біздің айн алдымызда кеме жаса» [1, 11:37] аятындағы «биәғюнине» тіркесінің тәуилін әр-Рабиғ ибн Әнас «біздің сақтауымызбен», деп түсіндірген. Ибн Аббас «біздің қорғауымызбен» деген сөзбен интерпретациялаған (әл-Қуртуби, 2016:108-109). Бағзы ғалымдар былай дейді «Егер астарлы мағынаны айн сөзіне байлайтын болсақ, сақтау деген сөздің кинаясы (метонимия) болады. Ал әғиан, деп көптік жағдайда қылсақ, киная (метонимия) әдіс-тәсілі арқылы, сақтаудың кемелділігімен болатынын күшейтпелі мағына тудыруда (әл-Әлуси, 2015:440). Суфиян ибн Ғүиәйни былай дейді «Алла Тағала Кітапта және оның тәпсірінде өзін бұл нәрсемен (айн) өзін сипаттамады. Және бұны парсыша, арабша да тәпсірлеуге болмайды. Ал егер кімде кім екі көзі бар, онымен көреді десе онда ол антропоморфистикалық сипатқа телуде, Алла Тағала бұдан пәк. Ибн Хазм айтады «Алла Тағаланың екі көзі бар деп айтуға ешкімге де рұқсат емес, себебі бұл жайында ешбір нас (аят, хадис) келмеген (Ибн Жамаға, 164).

Біз жоғарыдағы мәселелерде Алла Тағалаға мекен, ағза секілді жаратылысқа тиеісілі нәрселерден пәк екен баяндадық. Бұл мәселеде де Алланың өзіне лайық болған мағынада қалдырамыз.

### Қорытынды

Ислам дінінің басты қайнар көзі – Құран мәтіндерінен теологиялық мәнмәтіндерді түсіну және ондағы антропоморфистикалық атрибуттарға қатысты мәселелерді анықтау – бірінші кезекте оған сол мәтінді түсінуді талап етеді. Ал бұл мәтіндерге тек жалаң аудармалармен ғана емес, оның морфологиялық, синтаксистік, риторикалық лексика-семантика құрлымдарын зерттеу арқылы ғана қол жеткізуге болады. Себебі сөздердің барлығы бірдей дербес мәнді, бір мағыналы болып келмейді. Кейде бір сөз тіркесінің әр сөйлемде әртүрлі сөздердің тіркесіне қарай беретін мағыналары құбылып, көп мазмұнды болып та келеді. ол үшін мәтін түсінілімі, мәтін қабылдануы, мәтіннің әсерлілігі ұғымдары басты рөл атқарады. Сол себепті теологиялық, құқықтық, поэтикалық еңбектердің әрбірі лингвистика тақырыптарын қамтиды.

Алғашқы салиқалы сәләф ғалымдары антропоморфистикалық муташабиһ аяттар мен хадистердің дираяларын сол қалпында ешқандай мағына берместен әрі интерпретацияламастан, ондағы мағыналарды Аллаға тапсырып, иман келтірген. Салиқалы сәләфтардың ұстанымдарын, муташабиһ мәтіндерге еш кейіпсіз сенім білдіріп, жорамал жасаудан бас тартуды тафуид, -деп атайды. Сондай-ақ Алланың атрибуттарына қатысты мәселелерде жорамалға сүйенбеген әрі мәтіннен өзге мағынаны жоққа шығарған. Және тура мағынасына сену ұстанымын пайдаланып, ташбиһ, таджсимге барғандарға ауыр ескертулер жасаған.

Ал кейінгі хәләф ғалымдары діни мәтіндердегі атрибуттарды интерпретациялап, жорамалдап ашықтап түсіндірді. Оның басты себебі хәләф ғалымдарының оппоненттері (каррамия, мужассима, мушаббиһа) муташабиһ мәтіндерді Алла Тағаланың жаратылысқа тән атрибуттар телуінде. Бұл зерттеуімізде әһлу сунна ғалымдарымыздың еңбектеріне

негізделіп, басты оппоненттеріне қарсы муташабиһ мәтіндерді интерпретациялау барысында лингвистикалық тәсілдерге негізделген.

Жалпы әһлу сунна ғалымдары Алла Тағалаға атропомерфистикалық атрибуттарда телімеген. Біз солардың ішінен бірнеше ғалымдардың пікірлерін келтірдік. Атап өтсек, Имам Матуриди, ән-Насафи, Қуртуби, Фахруддин әр-Разисекілді ислам ғалымдары Әлемнің Хақ Жаратушысы кемшіліктен атауынан пәктеп, Өзі жаратқан жаратылыстардың ешбіріне ұқсатпаған.

Физикалық әлемдегі мәнге қатысты дене, ағза ұғымын Жаратушы Хақ Тағалаға телу мүмкін емес. Жаратушы Хақ Тағалаға антропомерфистикалық ұғымдарды телуге әсте болмайды. Себебі ешбір наста келмеген. кейбір адасушы топтар ақыл, сезім мүшелері арқылы Аллаға дене, ағза сөздерін телу мүмкін деп сыңаржақты дәлелдерін алға тартады. Біз бұлардың барлығы нас арқылы жоққа шығарылғанына тоқталдық. Яғни «Оның бірде-бір ұқсасы жоқ» (Шура сүресі 11 аят). Осы зерттеу жұмысы арқылы физикалық сипаттардан тұратын түрлі бөліктер, денелер Алланың затынан алыстатылатындығын лингвистикалық, риторикалық және теологиялық ғылым негізінде тұжырымдалды.

### **АВТОРЛАРДЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

**М. Омаров** – мақаланың негізгі деректік мәселелер базасын қалыптастыру, зерттелу барысына, редакциясына жауап береді.

**А. Аманбаев** – мақаланың барлық аспектілеріне, деректердің дұрыстығына, зерделеу, талдауға жауапты.

### **МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ**

Бұл жұмыстың авторлары мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

### **Әдебиеттер тізімі**

Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. Аударған: Халифа Алтай. 1991 ж.

Жәләлуддин әс-Суюти. Әл-Итқану фи улуми әл-Құран. Байрут: 2019. – 783.

Мұхаммед ибн Абдулла әз-Заркаши. Әл-Бурһану фи улуми әл-Құран. Байрут: дару әл-Китаб әл-улум. 2018. – 917..

Фахруддин Мұхаммед ибн Омар әр-Рази. Эт-Тафсиру әл-Кабир. Байрут: дару әл-Китаб әл-илмия. 2000. 3-т. – 240.

Абдулла ибн Ахмад ибн Мұхаммед ән-Насафи. Мадарику әт-Танзил уа хуқуқи әт-тауил. Байрут: Дару әл-кәләм әт-тайб. 1998. 2-т. – 450.

Мұхаммед ибн Салах әл-Усаймен. Шарху әл-ақиадати әс-суғудия. Дару ибн әл-Жаузи. 2013. – 573.

Р.Батталұлы. *Ақида сабақтары*. Алматы: Siyaush, - 2011. – 185 б.

Әс-Сайд Ахмад әл-Һашими. Жауаһиру әл-балаға фи әл-мағани уа әл-баян уа әл-бадиғ. Каир: Мактабату ал-адаб. 2005. – 400.

Абу Мансур Матуриди. Таухид кітабы. Нұр-Сұлтан: Муфтият, 2020. – 560 б.

Әбу Яғла әл-Байдауи. Тафсиру әл-Құран әл-Карим. Байрут: Дару әр-Рашид. 2012. 5-т. – 631.

Смагулов Мурат, *Матуриди ақидасындағы жаратушының сипаттары, магистр.дис.* Алматы, Нұр-Мұбарак, 2013.

Ризабек Батталұлы. Құран экзегетикасы. Алматы: ықылас, - 2015. 400 б.

Мұхаммед ибн Абдулла әл-Әлуси. Руху әл-мағани фи тафсири әл-Құрани әл-Азим. Байрут: Дару әр-рисалати әл-аламия. 2015. 23-т. – 523.

Әбу Мансур Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Махмуд әл-Матуриди. Тауилату әһли әс-суннат. Байрут: Дару әл-Китаби әл-илмия. 2005. 6-т. – 520.

Мұхаммед ибн Ахмад ибн Әбу Бакр әл-Қуртуби. Әл-Жамиғ лиахкам әл-Құран. Байрут: Дару әр-рисалати әл-аламия. 2016. 15-т. – 507.

Мұхаммед ибн Ибраһим ибн Сағдулла ибн Жамаға. Идаху әд-далил фи қатғи хужажи әһли әт-тағтил. Байрут: Дару иқра. 2005. – 287.

Мұхаммед Әли әс-Сабуни. Сафуату әт-тафасир. Байрут: әл-Мактабату әл-Асрия. 2019. 3-т. – 534.

Омаров М.А. *Құран Кәрімді түсінуде риторика ілімінің рөлі*, Алматы: Нұр-Мұбарак, 2020.

Мұхаммед ибн Ахмад ибн Әбу Бакр әл-Қуртуби. Әл-Жамиғ лиахкам әл-Құран. Байрут: Дару әр-рисалати әл-аламия. 2016. 8-т. – 507.

Фахруддин Мұхаммед ибн Омар әр-Рази. Әт-Тафсиру әл-Кабир. Байрут: дару әл-Китаб әл-илмия. 2000. 4-т. – 193.

Мұхаммед ибн Ахмад ибн Әбу Бакр әл-Қуртуби. Әл-Жамиғ лиахкам әл-Құран. Байрут: Дару әр-рисалати әл-аламия. 2016. 14-т. – 507.

Мұхаммед ибн Абдулла әл-Әлуси. Руху әл-мағани фи тафсири әл-Құрани әл-Азим. Байрут: Дару әр-рисалати әл-аламия. 2015. 16-т. – 515.

Әбу Мансур Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Махмуд әл-Матуриди. Тауилату әһли әс-суннат. Байрут: Дару әл-Китаби әл-илмия. 2005. 7-т. – 600.

Мұхаммед ибн Ахмад ибн Әбу Бакр әл-Қуртуби. Әл-Жамиғ лиахкам әл-Құран. Байрут: Дару әр-рисалати әл-аламия. 2016. 11-т. – 492.

Мұхаммед ибн Абдулла әл-Әлуси. Руху әл-мағани фи тафсири әл-Құрани әл-Азим. Байрут: Дару әр-рисалати әл-аламия. 2015. 11-т. – 510.

**Омаров Мурат, Аманбаев Айдар**

*Египетский университет исламской культуры Нур-Мұбарак, Алматы, Қазақстан*

### **Методы толкования муташабиһ аятов**

**Аннотация:** Для поддержания религиозной идентичности и социально-политической устойчивости общества в современных условиях крайне важно исследование методов правильного толкования аятов Корана, которые являются основой нашей традиционной веры, наряду с теоретическими и практическими задачами. Современные религиоведы акцентируют внимание на необходимости изучения единства религиозного опыта, знаний и сознания, а также правильного понимания аятов Корана и их значения. Анализ священных текстов с научной точки зрения имеет ключевое значение для общества от ложной пропаганды чуждых религиозных взглядов и установки правильных религиозных норм и понятий веры. В рамках

данного исследования авторы рассмотрели позиции ученых ахлисунна относительно текстов антропоморфного характера, исследовали связь теологических аятов Корана с языковедением, риторикой и семантикой. Особое внимание было уделено таким понятиям, как мухкам и муташабих, а также различным интерпретациям муташабихеских текстов. Были определены методы толкования аятов, касающиеся характеристик Творца, и выявлены причины их разнообразия. Сформулированы взгляды ученых калама касательно текстов муташабих.

**Ключевые слова:** Муташабих; антропоморфизм; интерпретация; лингвистика; риторика; семантика; мухкам; религиозные нормы.

**Omarov Murat, Amanbayev Aidar**

*Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan*

### **Methods interpreting mutashabih verses**

**Abstract:** To ensure the preservation of religious identity and the socio-political harmony of society in contemporary settings, it is crucial to explore methods for accurately interpreting the Quranic verses, which form the foundation of our traditional beliefs, while addressing both theoretical and practical aspects. Contemporary religious scholars highlight the importance of investigating the unity of spiritual experiences, knowledge, and consciousness, alongside a proper comprehension of the Quranic verses and their implications. The scientific examination of sacred texts is fundamental for protecting society from misleading foreign religious ideologies and for establishing sound religious principles and belief systems. In this research, the authors analyzed the perspectives of ahlisunna scholars on anthropomorphic texts and investigated the connection between theological verses of the Quran and the fields of linguistics, rhetoric, and semantics. Emphasis was placed on concepts such as muhkam and mutashabih, along with various interpretations of mutashabih texts. The study identified methods for interpreting verses related to the attributes of the Creator and unveiled the reasons behind their varied interpretations. The perspectives of Kalam scholars on mutashabih texts were also articulated.

**Key words:** Mutashabih; anthropomorphism; interpretation; linguistics; rhetoric; semantics; muhkam; religious norms.

### **References**

- Kuran Karim. Kazaksha magyna jane tusinigi. Audargan:Halifa Altaı. 1991 j. [In Kazakh]  
Jalalyddin as-Siyti. Al-Itqanu fi ulumial-Kuran. Bairut: 2019. – 783. [In Arabic]  
Muhammed ibn Abdulla az-Zarkashi. Al-Burhanu fi ulumial-Kuran. Bairut: darı́ ál-Kitab ál-ı́lym. 2018. – 917. [In Arabic]  
Fahrudin Muhammed ibn Omar ar-Razı. At-Tafsirual-Kabır. Bairut: darual-Kitab al - ilmia. 2000. 3-t. – 240. [In Arabic]  
Abdulla ibn Ahmad ibn Muhammed an-Nasafi. Madarikuat-Tanzil ua huquqiat-tauil. Bairut: Darual-kalam at-taib. 1998. 2-t. – 450. [In Arabic]  
Muhammed ibn Salah al-Usaimen. Sharhual-akiadatas-sugudia. Daruıbn al-Jauzi. 2013. – 573. [In Arabic]



- R.Battaluly. Akida sabaktary. Almaty: Siyaush, - 2011. – 185 b. [In Kazakh]
- As-Said Ahmad al-Hashimi. Jauahirual-balaga fial-maganiua al-baian ua al-badig. Kair: Maktabatu al-adab. 2005. – 400. [In Arabic]
- Abu Mansur Maturidi. Tauhid kitabu. Nur-Sultan: Muftiat, 2020. – 560 b. [In Arabic]
- Abu Iagla al-Baidai. Tafsirual-Kuran al-Karim. Bairut: Daruar-Rashid. 2012. 5-t. – 631. [In Arabic]
- Smagulov Murat. Maturidi akidasyndagy jaratushynyn sipattary, Almaty, Nur-Mubarak, 2013. [In Kazakh]
- Rizabek Battaluly. Kuran ikzegetikasy. Almaty: ykylas, - 2015. 400 b. [In Kazakh]
- Muhammed ibn Abdulla al-Alusi. Ruhual-magani fi tafsirial-Kuranial-Azim. Bairut: Daruar-risalatial-alamia. 2015. 23-t. – 523. [In Arabic]
- Abu Mansur Muhammed ibn Muhammed ibn Mahmud al-Maturidi. Tauilatuahlias-sunnat. Bairut: Darual-Kitabuial-ilmia. 2005. 6-t. – 520. [In Arabic]
- Muhammed ibn Ahmad ibn Abu Bakr al-Kurtubi. Al-Jamig liahkam al-Kuran. Bairut: Daruar-risalatial-alamia. 2016. 15-t. – 507. [In Arabic]
- Muhammed ibn Ibrahim ibn Sagdulla ibn Jamaga. Idahuad-dalil fikatgi hujajiahliat-tagtil. Bairut: Daruikra. 2005. – 287. [In Arabic]
- Muhammed Alias-Sabuni. Safuatuat-tafasir. Bairut: al-Maktabatual-Asria. 2019. 3-t. – 534. [In Arabic]
- Omarov M.A. Kuran Karimdi tusinude ritorika iliminiñ roli, Almaty, Nur-Múbarak, 2020. [In Kazakh]
- Muhammed ibn Ahmad ibn Abu Bakr al-Kurtubi. Al-Jamig liahkam al-Kuran. Bairut: Daruar-risalatial-alamia. 2016. 8-t. – 507. [In Arabic]
- Fahrudin Muhammed ibn Omar ar-Raxi. At-Tafsirual-Kabir. Bairut: darual-Kitab al-ilmia. 2000. 4-t. – 193. [In Arabic]
- Muhammed ibn Ahmad ibn Abu Bakr al-Kurtubi. Al-Jamig liahkam al-Kuran. Bairut: Daru ar-rislati al-alamia. 2016. 14-t. – 507. [In Arabic]
- Muhammed ibn Abdulla al-Alusi. Ruhual-magani fi tafsirial-Kuranial-Azim. Bairut: Daruar-risalatial-alamia. 2015. 16-t. – 515. [In Arabic]
- Abu Mansur Muhammed ibn Muhammed ibn Mahmud al-Maturidi. Tauilatuahlias-sunnat. Bairut: Darual-Kitabuial-ilmia. 2005. 7-t. – 600. [In Arabic]
- Muhammed ibn Ahmad ibn Abu Bakr al-Kurtubi. Al-Jamig liahkam al-Kuran. Bairut: Daruar-risalatial-alamia. 2016. 11-t. – 492. [In Arabic]
- Muhammed ibn Abdulla al-Alusi. Ruhual-magani fi tafsirial-Kuranial-Azim. Bairut: Daru ar-rislati al-alamia. 2015. 11-t. – 510. [In Arabic]

### Information about authors

**Omarov Murat Abdulkasymuly** – PhD student, Nur-Mubarak University, al-Farabi ave. 73, 050600, Almaty, Kazakhstan. <https://orcid.org/0009-0005-4463-1730>, murat93kz@mail.ru

**Amanbayev Aidar Makhsetuly** – PhD student of Nur-Mubarak University, al-Farabi ave. 73, 050600, Almaty, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0002-1794-2016>, amanbayev.aidar@mail.ru

### Авторлар туралы мәліметтер

**Омаров Мұрат Абдулқасымұлы** – докторант, Нұр-Мұбарак ЕИМУ, әл-Фараби даңғылы 73, 020600, Алматы, Қазақстан. <https://orcid.org/0009-0005-4463-1730>, murat93kz@mail.ru

**Аманбаев Айдар Махсетұлы** – докторант ЕУИК Нур-Мубарак, пр. Аль-Фараби 73, 050600, Алматы, Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0002-1794-2016>, amanbayev.aidar@mail.ru

### Сведения об авторах:

**Омаров Мурат Абдулқасымович** – докторант, ЕУИК Нур-Мубарак, пр. аль-Фараби, 73, 050600, Алматы, Қазақстан. <https://orcid.org/0009-0005-4463-1730>, murat93kz@mail.ru

**Аманбаев Айдар Махсетұлы** – докторант, ЕУИК Нур-Мубарак, пр. аль-Фараби, 73, 020600, Алматы, Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0002-1794-2016>, amanbayev.aidar@mail.ru

The article was submitted 18.10.2024; approved after reviewing 05.11.2024; accepted for publication 01.12.2024